



«Самұрық-Энерго» АҚ Адам құқықтары саласындағы саясаты

1. Осы «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Адам құқықтары саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, Қоғамның Мінезд-құлық кодексінің ережелеріне сәйкес әзірленді.

2. Саясат Қоғамның барлық қызметкерлеріне қолданылады.

3. Осы Саясаттың мақсаты Қоғам қызметінің барлық аспектілерінде адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету және барлық қызметкерлердің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктері бар, кемсітушіліктің барлық түрлеріне жол бермеу және алуан түрлілік пен инклузивтілікті қамтамасыз ету болып табылады.

4. Қоғам төмендегідей халықаралық стандарттар мен құжаттарда көрсетілген принциптерді ұстана отырып, және бағдарламалар мен саясаттар шеңберінде жұмыс істеу арқылы адам құқықтарын сақтау мен құрметтеудің, жұмысшылардың негізгі құқықтарын ілгерілетудің маңыздылығын мойындайды:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- Халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенциялары;
- БҰҰ-ның Адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттары (БҰҰ-ның бизнес пен адам құқықтарына қатысты басшылық қағидаттары);
- БҰҰ Жаһандық шарттының қағидаттары;
- БҰҰ-ның адам құқықтары мен қауіпсіздігіне қатысты ерікті қағидаттары;
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;
- Экономикалық, әлсұмметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт;
- БҰҰ-ның жергілікті халықтың құқықтары туралы декларациясы.

5. Қоғам өз қызметкерлеріне олардың құқықтары сақталатын ортада және жағдайларда жұмыс атқаруын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қоғам қызметкерлерге қолданылатын ұжымдық шарттардың талаптарына сәйкес салаға және жергілікті еңбек нарықтарына қатысты бәсекелестік негізде сыйақы төлейді. Қоғам қолданыстағы жалақы, жұмыс уақыты, ұстеме жұмыс және жәрдемақы туралы зандардың толық орындалуын қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді.

Қоғам өз қызметкерлерінің репрессиядан, қорқытудан және қудалаудан қорықпай кәсіподақ немесе басқа үйымдарға кіру немесе кірмеу және олардың ортақ мұдделерін қолдау үшін ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын құрметтейді.

Қоғам қауіпсіз, салауатты және өнімді жұмыс орындарын қамтамасыз етуге, сақтауға, сондай-ақ жазатайым оқиғалардың, жарақаттардың және денсаулыққа тигізетін зардалтардың алдын алуға және жоюға тырысады. Қоғам еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласында қолданылатын барлық заңдарды сақтауға және үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуге ұмтылады.

Қоғамда мәжбүрлі еңбектің барлық түрлерін, соның ішінде балалар еңбегін, сottалғандардың еңбегін, әскерилер еңбегін, құл еңбегін, адам саудасының кез келген түрін және т. б. пайдалануға тыйым салынады.

6. Қоғам өзінің қызмет аймақтарындағы жерді пайдалану құқығы, суға қол жетімділік және салауатты өмір салты секілді ерекше маңызды мәселелерге қатысты әртүрлі қауымдастықтармен ортақ іс-әрекет жасайды. Қоғамның мақсаты - Қоғам өз қызметі шенберінде мұдделі тараптардың пікірлерін және бизнестің оларға әсерін танитын, зерттейтін және ескеретін диалог құру. Қоғам жергілікті халықтың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және мәдени мұдделерін және олардың құқықтарын мойындайды және сактайды және мәжбүрлі қоныс аударудан аулақ болуға тырысады.

Заңнама талаптарына сүйене отырып, Қоғам ашық диалог негізінде жобаларды іске асырудың тиісті кезеңдерінде, оның ішінде жергілікті қоғамдастықтармен қоғамдық тыңдауларға белсенді қатысу, жобаларды іске асырудың алғашқы кезеңдерінде консультациялар беру, өтініштер мен шағымдарды жинау, тіркеу және өндеу арқылы қоғамдастықтармен өзара тиімді іс-қимылға ықпал жасауға міндеттенеді.

Қоғам өзі қызмет атқаратын өнірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, лайықты еңбек жағдайлары мен халықтың әл-ауқатын қолдауға жан-жақты жәрдемдесуге ұмтылады.

7. Қоғам өз жеткізушілерінің жұмысшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі саласындағы қызметінде адам құқықтарының бұзылуын, ең төменгі жалақы мен жұмыс уақытының максималды ұзақтығын, қауымдастық еркіндігі мен ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын, балалар мен мәжбүрлі еңбекті, қолайлы өмір сұру жағдайларын, кемсітпеушілік пен тәртіптік шараларды болдырмауға міндеттенеді.

Қоғам адам құқықтарын, заңнаманы және халықаралық еңбекті үйымдастырудың негізгі принциптерін сактайтын жеткізушілерді құптаиды.

8. Заңнама шенберінде Қоғам жоғары басшылық деңгейінде келісе отырып, саладағы адам құқықтарына әсер етумен байланысты мәселелерді шешу үшін бағдарламалар қабылдауға, адам құқықтарына әсерін қадағалауға және ол туралы хабарлауға, тиісті есептілікті жасай отырып, өтініштер мен шағымдарды қараудың Қоғамда қабылданған тетіктерін сақтауға, теріс әсерді азайту немесе жоу үшін өтемақы және құқықтық қорғау құралдарын ұсынуға міндеттенеді.

9. Қоғам әртүрлілік пен инклузивтілік кемсітпеудің негізгі тәжірибелік амал екенін түсінеді.

Қоғам қызметкерлердің жынысына, нәсіліне, жасына және басқа да сипаттамаларына қарамастан тең мүмкіндіктер ұсынады және жұмысқа орналасу, еңбек міндеттерін орындау, қызметін жоғарылату, жауапкершілікті бөлу, еңбек нәтижелерін бағалау және оған ақы төлеу кезінде кемсітушілікке жол бермейді. Қоғам барлық деңгейлерде, соның ішінде көшбасшылық позицияларда әртүрлілікті арттыруға тырысады және өз шешімдерін үміткерлердің біліміне, тәжірибесіне, білімі мен дағдыларына негіздейді.

Қоғам қызмет атқаратын өнірлерден ұсынылатын кандидаттарды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдайды, Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру үшін қызметке тартылатын таланттардың алуан түрлілігін кеңейтуге үмтывлады.

Қоғам әйелдерді қызмет пен басқарудың барлық аспектілеріне толық тартуға тырысады, жыл сайын әйелдердің персонал құрамындағы, сондай-ақ басшылықлауазымдардағы сандық арақатысын жақсарту мақсаттарын қояды.

10. Құқықтары бұзылған немесе шектелген Қоғам қызметкерлері мұнданай белең алған әрекеттер бойынша адам ресурстарын басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшеге, «Комплаенс» қызметіне және Қоғам Омбудсменіне шағым беру арқылы жүгінуге құқылы.

Шағымдарды тіркеу, жинау және өндеу, Қоғамның және ЕТҰ корпоративтік веб-сайтында үшінші тұлғалармен кері байланыс жасау үшін жедел желі жұмыс істейді.

11. Қоғам адам құқықтарының бұзылуына жол бермейтіндігі туралы ашық мәлімдейді және осы Саясатты корпоративтік веб-сайтта орналастыру арқылы еркін қол жетімді етеді. Қоғам өз қызметкерлерінің осы Саясатпен танысусы және адам құқықтарын сақтау бағытындағы міндеттемелерді бұлжытпай орындауы үшін тиісті іс-шараларды жүзеге асырады.